

Иманбетов А.Н.^{ORCID}, Абишев Ж.Б., Мускунов К.С., Саликов Ж.К.

Е.А. Бекетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ., Қазақстан

БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІН ОҚУШЫЛАРДЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА ДАЯРЛАУ МАЗМҰНЫ

Иманбетов Аманбек Нұрқасымұлы, Абишев Жандос Бахытұлы, Мускунов Қырықбай Сарсенбайұлы, Саликов Жасбұлан Камелұлы

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың денсаулық мәдениетін қалыптастыруға даярлау мазмұны

Аңдатпа. Мақалада мектептегі бастауыш сынып оқушыларының денсаулық мәдениетін қалыптастырудағы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің ролі туралы баяндалады. Сонымен қатар бастауыш сынып оқушыларына дене шынықтыру сабақтарында қызықты және оңай орындалатын тапсырмалары арқылы оқушылардың қажетті дағдысын қалыптастырудың түрлі тәсілдері беріледі. Оқушылардың дене шынықтыру сабақтарына жылдам үйренуі, жаңа оқыту әрекетін игеруі және оқу жаттығуларының оқыту үрдісінде маңызды рольге ие екендігі мен оқу әдістемелері айтылады. Сондай-ақ бастауыш сынып оқушыларының күнделікті өмірде аз қозғалуы немесе оқу-жаттығу процесіндегі шамадан тыс жүктеменің берілуі, шамадан тыс тағам қабылдау, жағымсыз экологиялық жағдайлар, отбасында салауатты өмір салтына немқұрайдылықпен мән бермеу сияқты теріс факторлардың болуын жою туралы алған білімдері мен іскерлік дағдыларының тәрбиелеу туралы ой толғаулар айтылады. Оқушының дене шынықтыру сабағына деген ынтасын, құштарлығын арттыру үшін әртүрлі оқыту әдістемелерін қолдана білуі қажет екендігін барынша түсіндіруге талпыныс жасалады. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің оқушылардың денсаулық мәдениетіне үлкен мән беріп, әртүрлі қызықты да әсерлерлі әдістемелерді қолданудың мазмұны туралы ойлар ортаға салынады.

Түйін сөздер: денсаулық мәдениеті, бастауыш оқыту, дене шынықтыру, практикалық дағдылар.

Imanbetov Amanbek Nurkasimovich, Abishev Zhandos Bakhytovich, Muskunov Kyrykbay Sarsenbayevich, Salikov Zhasbulan Kamelovich.

The content of preparing future primary school teachers for the formation of students' health culture

Abstract. The article tells about the role of future primary school teachers in the formation of a health culture of Primary School students. In addition, Primary School students are given various ways to form the necessary skills of students through interesting and easily completed tasks in physical education lessons. It is noted that students quickly get used to physical education classes, master new learning activities, and play an important role in the learning process of educational exercises and teaching methods. They also talk about the education of the acquired knowledge and business skills of Primary School students in order to eliminate the presence of negative factors, such as insufficient movement in everyday life or overload in the learning process, excessive food intake, negative environmental conditions, neglect of a healthy lifestyle in the family. Attempts are made to explain as much as possible that the student should be able to use various teaching methods to increase motivation and passion for physical education classes. Future primary school teachers pay great attention to the health culture of their students and reflect on the content of using various interesting and effective methods.

Key words: health culture, primary education, physical culture, practical skills.

Иманбетов Аманбек Нурқасимович, Абишев Жандос Бахытович, Мускунов Қырықбай Сарсенбаевич, Саликов Жасбұлан Камелович.

Содержание подготовки будущих учителей начальных классов к формированию культуры здоровья учащихся

Аннотация. В статье рассматривается роль будущих учителей начальных классов в формировании культуры здоровья учащихся младших классов в школе. Также учащимся начальных классов предлагаются различные способы формирования необходимых умений учащихся посредством интересных и простых заданий на уроках физической культуры. Отмечается, что учащиеся быстро усваивают уроки физкультуры, овладевают новой учебной деятельностью и что важную роль в учебном процессе и методах обучения играют учебные упражнения. Также приводится идея воспитания знаний и деловых навыков учащихся начальных классов об устранении наличия негативных факторов, таких как малоподвижность в быту или чрезмерная нагрузка на учебный процесс, чрезмерное потребление пищи, негативная экологическая обстановка, пренебрежение здоровым образом жизни в семье.

Сделана попытка максимально подробно объяснить, что важно уметь использовать различные методы обучения, чтобы повысить у школьника энтузиазм и стремление к урокам физической культуры. Представлены идеи о содержании использования различных интересных и эффективных методик будущими учителями начальных классов, придавая большое значение культуре здоровья учащихся.

Ключевые слова: культура здоровья, начальное образование, физическое воспитание, практические навыки.

Тақырыптың көкейкестілігі: Республикамыздың білім саласын дамыған елдердің қатарына жеткізетін білім екені белгілі. Сондықтан қазіргі таңда бастауыш сынып оқушыларының денсаулық мәдениетін қалыптастырудағы мақсаты – білім мазмұнын жаңарту және оқытудың әдіс-тәсілдері мен құралдарын қолданудың тиімділігін арттыру, оқушылардың білім нәтижелерін жетілдіру өзекті мәселеге айналып отыр.

Егеменді еліміздің өсіп келе жатқан ұрпағын ойлы да іскер, өзіне-өзі сенімді, интеллектуалдық деңгейі биік азамат етіп тәрбиелеуде мектептің алатын орны ерекше, сондықтан жеке тұлғаны дамытып, білімге деген сенімін нығайту, оқуға қызығушылығын оятып, ынтасын арттыру, бастауыш сынып оқушыларының денсаулық мәдениетін қалыптастыру қазіргі таңдағы білім жүйесіндегі көкейкесті, ең өзекті мәселелер болуда.

Зерттеліп отырған проблеманың маңызды аспектісі болып денсаулық мәдениетінің қалыптасуының іс-әрекеттік сипаты туралы қағида болып табылады, өйткені санамен пайымдалған әрекеттер және өз денсаулығына, басқа адамдардың денсаулығына, сонымен қатар салауатты өмір сүруге деген қатынастары жеке және қоғамдық денсаулықтың сапасын анықтайды.

Зерттеушілер жеке тұлғаның денсаулық мәдениетінің мазмұндық тұғырда валеологиялық сананың, валеологиялық білімділігінің, валеологиялық білімнің және физикалық, психикалық өзін-өзі дамыту іскерліктерімен, валеологиялық бағытталған ой-сананың, дүниетанымының, жеке тұлғаның мотивациялық сферасының, эмпатиясы, рефлексия, сезім мәдениетінің дамытылуы мен денсаулықтың қажетті деңгейіне қол жеткізумен байланыстағы, оның орындайтын ерекше функцияларын (аксиологиялық, коммуникативтік, қайта қалпына келтіру, шығармашылық, диагностикалық және т.б.) ажыратып көрсетеді.

Зерттеу нысаны. Бастауыш сынып оқушыларының денсаулық мәдениетін қалыптастыру үрдісі.

Зерттеу пәні – бастауыш сынып оқушыларының денсаулық мәдениеттерін қалыптастыру.

Зерттеу мәселесі бастауыш сынып оқушыларының денсаулық мәдениетін қалыптастырудың жобасын жасауында.

Жұмыс мақсаты – бастауыш сынып оқушыларының денсаулық мәдениеттерін дене шынықтыру сабақтары арқылы қалыптастырудың әдістемесін жасау;

– бастауыш сынып оқушыларының денсаулық мәдениетін дене шынықтыру сабақтарында қалыптастырудың әдістемесін дайындау.

Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау министрлігінің қоғамдық денсаулық сақтау саясаты комитетінің статистикалық мәліметтеріне қарағанда, балалар арасында тыныс мүшелерінің, ас қорыту, түйсік органдарының патологиялық аурулары көбейді. Бастауыш мектептің табалдырығын аттаған балалардың 60%-ында функционалдық бұзылуы, 21,4%-нда биологиялық жастың кешеуілдеуі көрініс алса, ал 45%-ы психологиялық және физикалық жағынан оқу бағдарламаларын игеруге дайын емес.

Жоғары сыныпқа қарай оқушылардың 40 %-ында жүйке ауруларымен ауыруы, 30 %-ында көру қабілеттерінің төмендеуі байқалады. Оқыту жағдайлары, білім беру бағдарламалары физиологиялық-гигиеналық нормативтерге сәйкес емес және баланың жеке-дара даму ерекшеліктері есепке алынбайды, соның салдарынан оқушылардың депрессияға ұшырауына итермелейтін жағдаяттар да туындауда [1].

Жоғары оқу орнының оқытушылары мен тәжірибелі мұғалімдер арасында жүргізілген сауалнаманың нәтижелері болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқыту үдерісінде оқушылардың денсаулық мәдениетін қалыптастыруға дайындау міндеті арнайы қойылмайтынын, жұмыстың шығармашылық нысандары аз пайдаланылатынын анықтады. Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығының ресми құқықтық құжаттар топтамасында теориялық пәндердің оқушылардың денсаулық мәдениетін қалыптастыруға бағытталатын мазмұндық аспектілерінің жеткілікті ашылмауы, осы саладағы білім беру мазмұнының бөлім бөліктерінің белгіленбеуі, оқу-әдістемелік ұсынымдар жеткілікті әзірленбеуі зерттеу жұмысымыздың өзегі болып табылды [2].

Негізгі бөлім. Денсаулық мәдениетінің қалыптасқандығының денсаулыққа құндылық ретінде көзқарас, денсаулық мәдениетін мотивациялау, адам ағзасының құрылысы туралы түсінік, гигиеналық дағдылар мен біліктердің болуы, эмоциялық көріністердің сипаты және ерік көріністерінің сипаты сияқты көрсеткіштерінің де маңызы зор. Алайда, аталған еңбекте болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау, зерттеу міндеті болмаған.

Денсаулыққа құндылық ретінде көзқарас, денсаулық мәдениетін уәждеу, адам ағзасының құрылысы туралы түсінік, гигиеналық дағдылар мен біліктердің болуы, эмоционалдық көріністердің сипаты және ерік белгілерінің сипаты. Әлбетте, денсаулық мәдениеті адамның белсенді шығармашылық қызметінің арқасында ғана қалыптасатын жеке басының сапасы. Осы орайда, біздің зерттеу проблемамызға қатысты бастауыш сынып оқушыларының денсаулық мәдениетінің ерекшеліктерін ашып-көрсетуге тиіспіз. Зерттелетін феноменнің ерекшелігі бастауыш сынып оқушыларының даму үдерістерінің сензитивтілігіне байланысты болғандықтан, олардың темпераменті және психоэмоционалдық дамуы сипатын ескере отырып, жас ерекшеліктеріне, жыныстық ерекшеліктеріне сәйкес жүзеге асырылуы тиіс екендігі күмән туғызбайды.

Бастауыш сынып оқушыларының денсаулық мәдениетін қалыптастыру қажеттілігін ескере отырып, «бастауыш сынып оқушыларының денсаулық мәдениеті» ұғымына бағдар алу мақсатында «денсаулық», «мәдениет», «дене мәдениеті», «салауатты өмір салты», «денсаулық мәдениеті» деген ұғымдардың ерекшеліктері мен өзара байланысы туралы түсінікті нақтылауымыз қажет.

«Денсаулық» категориясын тұтас жүйе тұғырынан қарастыратын бірқатар мағыналық реңктері көрініс алатын анықтамалар берілген.

Мысалы, Ю.П. Лисицын, А.В. Сахно адам денсаулығын туа біткен және жүре пайда болған биологиялық және әлеуметтік құбылыстарға байланысты биологиялық және әлеуметтік қасиеттердің үйлесімді бірлігі ретінде қарастырады [3].

В.П. Казначеев адам денсаулығын оның ұзақ өмір сүруі барысындағы биологиялық, физиологиялық ресурстарын сақтау және дамыту процесі ретінде түсіндіреді. Сонымен қатар, денсаулықты сақтау ғана емес, оның дамуын қамтамасыз ететін жағдайлар мен гигиеналық жүйелерді құру қажеттігіне назар аударады [4].

Р.М. Баевский денсаулықты адамның биологиялық, психикалық және әлеуметтік мәнділігі негізінде қоршаған ортаның өзгерістеріне бейімделу мүмкіндігі ретінде анықтайды [5].

Ал болашақ мұғалімнің бастауыш мектеп жасындағылардың денсаулық мәдениетін қалыптастыруға даярлығын «нақты шарт-жағдайларды және өзіне тиесілі тәжірибесін есепке ала отырып, кіші мектеп жасындағылардың денсаулығын сақтау міндеттерінің шешімінің табылуын қамтамасыз ете алатын көп компонентті жай-күй», – деп анықтама береді. Сонымен қатар, аталған даярлықтың мотивациялық-тұлғалық, когнитивтік, іс-әрекеттік, рефлексивтік компоненттердің бірлігінде жүзеге асырылатындығын, сондай-ақ, арнайы ұйымдастырылатын педагогикалық процес екендігін ескерте отырып, оның негізгі кезеңдеріне (ниеттестік, танымдық, іс-әрекеттік) сипаттама береді. Е.Г. Диканованың болашақ мұғалімнің кіші мектеп жасындағылардың денсаулық мәдениетін қалыптастыруға даярлау бойынша денсаулық сақтаушы білім кеңістігінің қалыптасуы, білім беру процесінің табиғатқа сәйкестілік, мәдениетке сәйкестілік принциптері негізінде ұйымдастырылуы, білімдердің денсаулық сақтаушы жеке-тұлғалық бағдарланған педагогика тұғырынан интеграциялануы сияқты педагогикалық процестің маңызды шарттарын, әсіресе, осы даярлықтың ниеттестің-ынталандырушылық, гнесеологиялық, жобалаушылық, бейімдеушілік функцияларын айқындауын қол жеткізген жетістіктерін біз өз зерттеуімізде негізге аламыз [6].

Оқушылардың денсаулық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған бейнелі-көркем формалар, оқушыларға ықпал етудің басты құралы әлеуметтік тәжірибе болып табылатын істерін біріктіреді. Ең бастысы – театрда, мерекелерде, митингтерде және осыған ұқсас жағдайларда адамдар бастан кешкен сияқты күшті, терең және әсем ұжымдық эмоцияларды тудыру.

Оқушылардың денсаулық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған ойын (бос уақытты өткізу) формалары тәрбиелік әсер етудің негізгі түрі ойын, бірлескен демалыс, мазмұнды ойынауық болып табылады. Бұл спорттық ойындар, танымдық, жарыс, байқау болуы мүмкін. Олардың барлығы тәрбие жұмысының жоғарыда аталған түрлері сияқты көрсетілген әсер ету құралдарын: сөз, бейне, терең эмоциялар, жұмыс түрлерін біріктіреді.

Қатысушылар саны бойынша тәрбие жұмысының әртүрлі формалары анықталды:

– жеке – әңгімелесу, бастауыш сынып мұғалімінің бір болашақ бастауыш сынып мұғалімімен сабақтары;

– топтық – бірнеше қатысушы (үйірме, уақытша топ, сынып) тікелей байланыста болады;

– көпшілік – бірнеше сыныптар, мектеп, аудан, бүкіл республикалық мерекелер, конференциялар, слеттер, шерулер т.б. осындай іс-шаралар өткізеді.

Сондай-ақ, негізгі қызмет түрі бойынша жұмыс формалары дене шынықтыру-сауықтыру формалары ажыратылады, біз оларды сәл жоғарырақта атап өттік.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің оқушылардың денсаулық мәдениетін қалыптастыруға дайындығы деңгейлерін зерттеу мақсатында анықтау экспериментінің нәтижелері бастапқы кезеңдегі сауалнамалық сұрау, тестілеу арқылы төрт компонент бойынша (мотивациялық, когнитивтік, іс-әрекеттік, рефлексиялық) жүргізілген анықтау эксперименті нәтижелері болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зерттелетін дайындық объектісі туралы үстірт екендігін көрнекі түрде көрсетті.

Бастауыш мектептегі дене тәрбиесінің жоспарланған бағдарламаның талаптарына сәйкес сабақтарда болашақ бастауыш сынып мұғалімдері түрлі жаттығулар (саптық жаттығулар, спорттық құралдармен (доп, шығыршық, секіргіш) және құралдарсыз орындалатын жалпы дамыту жаттығулары, тепе-теңдік жаттығулары, акробатикалық жаттығулар, би жаттығулары, өрмелеу және кедергіден асып түсу; жеңіл атлетика (жүгіру, секірулер, лақтырулар); шаңғы, жүзу, жүгіру, секіру, лақтыру әрекеттерінен құрылған қозғалмалы ойындар арқылы түрлі қимыл сияқты қозғалыс біліктіліктері мен дағдылары дамиды.

Осындай қимыл-қозғалыс біліктіліктері мен дағдыларын дамыту үстінде дене тәрбиесі мұғаліміне бастауыш сынып оқушыларының денсаулық мәдениетін қалыптастыру мақсатындағы қысқа әңгімелермен қолдап отыруды ұсындық.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бекітуімен Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық Білім Академиясы әзірлеген дене шынықтыру жалпы білім беретін мектептің 1-4 сыныптарына арналған оқу бағдарламасының мақсаты мен міндеттерінде қарастырылатын жалпы дамытатын жаттығулар, гимнастикалар, шаңғымен сырғанау, жүзу, спорттық ойындардың оқушылардың денсаулық мәдениетін қалыптастырудағы мүмкіндіктерін

ескерту мақсатында аудио, көру материалдарын қарап шығып, өз ойларын ортаға салу ұсынылды.

Дене тәрбиесі сабақтарында студенттерге жұппенен орындалатын: «Кімнің добы алысқа ұшады», «Тышқанның іні», «Сиқырлы таяқ», «Өз жұбыңды (серігіңді) қуып жет», «Аттар», «Тақия тастамақ», «Кілттер», «Өз орныңды тап», топпен орындалатын: «Арқан», «Допты шеңбермен», «Қырғи», «Екі аяз», «Торсылдақ», «Допты ұста», «Ботақан», командалық: «Доп аз болсын», «Күн мен түн», қозғалысты көп қажет ететін ойындар: «Ұшты-ұшты», «Жаңғырық», «Телефон», «Не өзгеріс бар», «Даусынан таны», «Қанша тас», «Фигураны жаса», «Саусақтармен өрнек жаса», «Домино», «Дойбы», «Стол үстіндегі футбол», «Стол үстіндегі баскетбол» сияқты ойындардың, сонымен қатар бастауыш сынып оқушылары балаларының денсаулығын нығайту үшін ауа және су процедураларын қамтитын шынықтыру іс-шараларын өткізудің сценарийлерін жасап келу сияқты тапсырмалар берілді.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерімен жүргізілетін сабақтарда дене шынықтыру мұғаліміне оқушыларда балаларда жүйке жасушаларының жұмыс қабілеттілігі әлсіреуі, денсаулығы бұзылуы, суық тию және жұқпалы ауруларға сезімталдығы, гиподинамия туралы әдістемелік нұсқаулар әзірленді.

3 курстағы педагогикалық тәжірибе нәтижесінде студенттер бастауыш сынып оқушыларының жеке тұлғасы мен сынып ұжымының денсаулық мәдениетінің қалыптасу диагностикасының үлгі бағдарламасын, ертеңгілік бой жазу гимнастикаларының, дене шынықтыру минуттарының және дене шынықтыру кідірістерінің, теңгерімді тағам қабылдау, сапалы ұйықтау бойынша жеке күн кестесінің құрастырылған картотекаларын әзірлеп алған білімдері мен іскерлік, дағдыларының молая түскендігін аңғартты. Осылайша, практикалық қызметте алған білімдерін іске асыру болашақ мұғалімдерді мектеп оқушыларының денсаулық мәдениетін қалыптастыруға, мектеп ерекшелігіне неғұрлым қолайлы технологияларын анықтауға ықпал ететін болады.

Тәжірибе барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің теориялық түсініктерін практикалық іс-әрекетте қолдана білулеріне аса мән берілді.

Тәжірибе бойынша болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің негізгі білім беру бағдарламасының міндетті бөлімі және кәсіби-практикалық дайындығына тікелей бағытталған оқу сабақтарының түрі саналатындықтан, оқу-

шылардың денсаулық мәдениетін қалыптастыру бағытында күрделі тапсырмалар берілді:

- ұсынылған әдістемелік қамтамасыз етуді пайдалана отырып, студент практикадан өткен мектеп (сынып) оқушыларының денсаулық жағдайын сипаттау;

- бастауыш сынып оқушыларының денсаулық мәдениетін қалыптастыру мәселелері бойынша ата-аналар жиналысын әзірлеу және өткізу;

- бастауыш сынып оқушыларының денсаулық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған ата-аналармен және балалармен сыныптан тыс іс-шараның жоспарын құру және өткізу;

- денсаулықты сақтау және нығайту мәселелеріне қатысты оқушының отбасымен жеке әңгімелесулер өткізу;

- оқушылардың денсаулық мәдениетін қалыптастыру тұғырынан бастауыш сынып мұғалімдерінің сабақтарына, өткізілген іс-шараларына қатысып, олардың табыстылығы мен тиімділігіне өз бетінше талдау жасау.

Аталған тапсырманы орындауда студенттер әңгімелесу мен бақылауды пайдалана отырып, денсаулығында проблемалары бар балаларды анықтады және олармен неғұрлым мақсатты жұмыс істеу үшін көмек көрсету мақсатында жеке жұмыстар жүргізді.

Бастауыш сынып мұғалімінің сабақтарына қатысу барысында практика күнделігінде бастауыш сынып мұғалімдерінің сабақтарының фрагменттерін және оқушылардың денсаулық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған мұғалімнің оқушылардың шаршауын болдырмау және алдын алу, санитарлық-гигиеналық нормативтерді сақтау тәсілдерін сипаттау, сонымен қатар оқу процесінің әр түрлі жағдайларын талдау және оқушылардың денсаулық мәдениетін қалыптастыру бойынша ұсыныстар әзірлеу жүзеге асырылды.

Педагогикалық тәжірибе аясында студенттер «Сенің денсаулығың өз қолыңда» іскерлік ойыны, «Денсаулық және дастархан мәзірі», «Зиянды әдеттерден аулақ бол!», «Денсаулық – зор байлық» рөлдік ойындары сияқты т.б. іс-шаралар ұйымдастырып өткізді.

Педагогикалық тәжірибе қорытындысы бойынша «Оқушылардың денсаулық мәдениетін қалыптастыру аспектісінде мен практикада нені үйрендім?» атты семинар өткізілді. Оның мақсаты – оқушыларды денсаулықты күтуге тәрбиелеу, денсаулық мәдениетін қалыптастыруға және олардың нәтижелілігін анықтауға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыру бойынша өз тәжірибесін санамен пайымдау болды [7].

Сонымен қатар бастауыш сынып оқушыларының денсаулық мәдениетін қалыптастыруда көру, аудио материалдарын пайдалану, практикалық тапсырмалар, кейс-әдісі; проблемалық жағдаяттарды талдау; ролдік ойындар (бейне баяндарды талдау); кіші топтармен жұмыс; топтық дискуссия; жарыстар, тесттеу, нәтижелерді талдау әдістерін тиімділікпен таңдау жолдары туралы айтарлықтай мағлұматтар жинақтағандығын танытты [8].

Тәжірибелік-эксперимент барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің оқушылардың денсаулық мәдениетін қалыптастырудың «Бастауыш сынып оқушыларының денсаулық мәдениетін қалыптастыру негіздері» элективтік курсы жүзеге асыру арқылы жалғастырылды [9].

Сонымен қатар, денсаулық мәдениетін қалыптастыруда негіз болатын іс-әрекеттік, мәдениеттанушылық, әдіснамалық, әлеуметтанушылық, валеологиялық тұғырлардың дәйектілігі ашып көрсетілді.

Бастауыш сынып оқушыларының денсаулық мәдениетін қалыптастырудағы ойын жағдаяттары әдістері, эмоционалдық сфераға әсер ету әдістері, жолдары, көру, аудио материалдарын пайдалану, практикалық тапсырмалар, кейс-әдісі; проблемалық жағдаяттарды талдау; ролдік ойындар (бейне баяндарды талдау); кіші топтармен жұмыс; топтық дискуссия; жарыстар, тесттеу, нәтижелерді талдау іспеттес интербелсенді әдістер лекцияның практикалық маңыздылығын арттыра түсті.

«Бастауыш сынып оқушыларына арналған денешынықтыру-сауықтыру шараларының мән-маңызы» семинарында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің денешынықтыру-сауықтыру шараларының рөлі мен мән-маңызы, бастауыш сынып оқушыларының оқу іс-әрекеті кестесі бойынша дене шынықтыру-сауықтыру шараларының денсаулықты сақтау және нығайтудағы алатын орны, ертеңгілік бой жазу гимнастикаларының, денешынықтыру минуттарының және денешынықтыру кідірістердің бала ағзасына жағымды ықпал-әсері, бастауыш сынып оқушыларының денсаулығын жоғалтуға себепкер болатын мардымсыз аз қозғалудағы өмір салты, оқу процесіндегі шамадан тыс жүктеме, теңгерімсіз тағам қабылдау, жағымсыз экологиялық жағдайлар, отбасында салауатты өмір салтына немқұрайдылықпен мән бермеу сияқты теріс факторлар туралы пікір-пайымдаулары тартымды өтті.

Сонымен қатар, педагогикалық-психологиялық әдебиет, интернет көздері материалдарын

зерделеп бастауыш сынып оқушыларының денсаулық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған дене шынықтыру-сауықтыру шараларының атқаратын қызметі туралы қысқаша әзірленген баяндамалары, дене шынықтыру-сауықтыру шараларының баланың денсаулығын сақтау мен нығайту, үйлесімді, дене және психикалық дамуына қол жеткізудегі, олардың эмоционалдық игіліктілігін қамтамасыз етудегі мән-маңызына берілген сипаттамалар, денешынықтыру-сауықтыру шараларының баланың жүрек-қан тамырлары, жүйке, тыныс алу жүйелеріне, зат алмасуды күшейтуге және бұлшық еттерін бекітуге, дамытуға, жақсы дене сымбатын қалыптастыруға байланысты әзірленген материалдар жинақтары зерделенді.

Бастауыш сынып оқушыларының мардымсыз аз қозғалудағы өмір салты, оқу процесіндегі шамадан тыс жүктеме, теңгерімсіз тағам қабылдау, жағымсыз экологиялық жағдайлар, отбасында салауатты өмір салтына немқұрайдылықпен мән бермеу сияқты теріс факторлардың ықпал-әсерін ескере отырып, жеке күн кестесін, теңгерімді тағам қабылдау, сапалы ұйықтау бойынша жеке күн кестесінің құрастырылған картотекалары, алған білімдері мен іскерлік, дағдыларының мөлая түскендігін куәландырды.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдері бастауыш сынып оқушыларының денсаулық мәдениетін қалыптастыруда көпшілік жұмыс, топтық, үйірмелік жұмыс, жеке жұмыс сияқты ұйымдастыру формаларында сөздік, практикалық көрнекілік әдістерді пайдалану туралы мысалдар келтірді. Бастауыш сынып оқушыларының денсаулық мәдениетін қалыптастыру процесінде сананы қалыптастыру, іс-әрекетті ұйымдастыру және мінез-құлық тәжірибесін қалыптастыру, мінез-құлықты және іс-әрекетті ынталандыру, ойын жағдаяттары, эмоционалдық сфераға әсер ету, балалардың жобалау іс-әрекеттері әдістерін қолдану жағдаяттары туралы да ізденістерінің нәтижесін нақты мысалдармен жеткізе білді.

Ертеңгілік бойжазу гимнастикасы, сабаққа дейінгі гимнастика, жаттығулар кешені, сабақ кезіндегі дене минуттары, дене кідірістері, үзіліс кезіндегі қозғалмалы ойындарды ұйымдастыруға қойылатын талаптардың үлестірмелі тізімін жасап көрсетті.

Бастауыш сынып оқушыларының денсаулық мәдениетін қалыптастырудағы көру, аудио материалдарын пайдалану, практикалық тапсырмалар, кейс-әдісі; проблемалық жағдаяттарды талдау; ролдік ойындар (бейне баяндарды талдау); кіші топтармен жұмыс; топтық дискус-

сия; жарыстар, тесттеу, нәтижелерді талдау әдістерін тиімділікпен таңдау жолдары туралы айтарлықтай мағлұматтар жинақтағандығын танытты.

Семинар барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдері «Бастауыш сынып оқушыларының денсаулық мәдениетін қалыптастыруда көпшілік жұмыс, топтық, үйірмелік жұмыс, жеке жұмыс сияқты ұйымдастыру формалары балалардың эмоционалдық игіліктілігіне қалай қол жеткізуге болады?» тақырыбында эсселер жазды, сондай-ақ, бастауыш сынып оқушыларының денсаулық мәдениетін қалыптастыруда қолданылатын интербелсенді әдістерді қолдану мысалында дайындаған рефераттары олардың әрбір жеке баланың жеке тұлғасын, шағын топ пен сынып ерекшеліктерін білу мүмкін болатын қиындықтарды болжау және осы ерекшеліктер мен оқыту деңгейін ескере отырып, бұл әдістемені таңдау болашақ маманның іскерліктерінің арта түскендігіне сенім тудырады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдері бастауыш сынып оқушыларының денсаулық мәдениетін қалыптастыру бағытындағы іскерліктерінің орныға бастағандығын олардың ертеңгілік бойжазу гимнастикасы, сабаққа дейінгі гимнастика, жаттығулар кешені, сабақ кезіндегі дене минуттары, дене кідірістері, үзіліс кезіндегі қозғалмалы ойындар туралы слайдтар презентацияларының, құрастырған жаттығулар кешендерінің мазмұны көз жеткізді.

Сонымен қатар, үлкен үзілістегі қозғалмалы ойындар; денешынықтыру-сауықтыру мерекелері; іскерлік ойындар, тренингтер, жеке күн режимінің жағдаяттық тапсырмаларын өңдеме-леу, тағам қабылдау ұтымдылығы, сапалы ұйқы, денсаулық сабақтары, бастауыш сынып оқушыларының қимыл-қозғалыстары көлемі туралы ата-аналар үшін консультация, ұсыныстар беру туралы дайындаған стенд эскиздері алған білімдерін шығармашылықпен қолдана алатындықтарын байқатты.

Бастауыш сынып оқушыларының денсаулық мәдениетін қалыптастыруға арналған денешынықтыру-сауықтыру шараларын ұйымдастыру және өткізу әдістемесі мәселесіне арналған семинарда бастауыш сынып оқушыларының денсаулық мәдениетін қалыптастыруда көпшілік жұмыс, топтық, үйірмелік жұмыс, жеке жұмыс сияқты ұйымдастыру формаларында сөздік, практикалық көрнекілік әдістерді пайдалану туралы нақты мысалдар келтірілген қысқаша баяндамалар тыңдалды. Бұдан әрі «Бастауыш сынып оқушыларының денсаулық

мәдениетін қалыптастыруда көпшілік жұмыс, топтық, үйірмелік жұмыс, жеке жұмыс сияқты ұйымдастыру формалары балалардың эмоционалдық игіліктілігіне қалай қол жеткізуге болады?»), – деген тапсырма бойынша бастауыш сынып оқушыларының денсаулық мәдениетін қалыптастыру процесінде сананы қалыптастыру, іс-әрекетті ұйымдастыру және мінез-құлық тәжірибесін қалыптастыру, мінез-құлықты және іс-әрекетті ынталандыру, ойын жағдаяттары, эмоционалдық сфераға әсер ету, балалардың жобалау іс-әрекеттері әдістерін қолдану жағдаяттардың фрагменттері көрініс берді.

Ертеңгілік бойжазу гимнастикасы, сабаққа дейінгі гимнастика, жаттығулар кешені, сабақ кезіндегі дене минуттары, дене кідірістері, үзіліс кезіндегі қозғалмалы ойындарды ұйымдастыруға қойылатын талаптар, бастауыш сынып оқушыларының денсаулық мәдениетін қалыптастырудағы көру, аудио материалдарын пайдалану, практикалық тапсырмалар, кейс-әдісі; проблемалық жағдаяттарды талдау; ролдік ойындар (бейнебаяндарды талдау); кіші топтармен жұмыс; топтық дискуссия; жарыстар, тесттеу, нәтижелерді талдау әдістерін тиімділікпен таңдап алу жолдарына сипаттамалар берілді.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдері семинар тақырыбына арналған сұрақтар мен тапсырмаларға қарай бастауыш сынып оқушыларының денсаулық мәдениетін қалыптастыруда

қолданылатын интербелсенді әдістерді қолдану мысалында реферат дайындады, ертеңгілік бойжазу гимнастикасы, сабаққа дейінгі гимнастика, жаттығулар кешені, сабақ кезіндегі дене минуттары, дене кідірістері, үзіліс кезіндегі қозғалмалы ойындар туралы слайдтар презентациясын жасап көрсетті, таңертеңгілік бойжазу гигиеналық гимнастикалары денешынықтыру минуттары және денешынықтыру кідірістерінің жаттығулар кешенін құрастырды.

Қорытынды. Қорыта келе болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың денсаулық мәдениетін қалыптастыруға даярлаудың мазмұны проблеманы теориялық талдау және педагогикалық шарттардың жүзеге асырылуының тиімділігін тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексеру нәтижелері жүргізілген зерттеудің өзектілігі мен жан-жақтылығы туралы қорытынды жасауға және зерттеу жұмысының алдағы перспективаларын анықтауға мүмкіндік береді.

Зерттеу проблемасының ауқымы кең болғандықтан, оның барлық жақтарын қамтып шығу мүмкін емес. Аталмыш проблеманың түрлі қырлары әлі де зерттеуді қажет етіп отыр. Осыған байланысты біздің ұсынған болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың денсаулық мәдениетін қалыптастыруға даярлаудың мазмұнын қалыптастыру проблемаларын терең зерттеуге арналған ізденістердің болашағы зор екендігіне сенімдіміз.

Әдебиеттер

- 1 Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау министрлігінің қоғамдық денсаулық сақтау саясаты департаментінің статистикалық мәліметтері. www.dsm.gov.kz. 21.12.2018.
- 2 Демев А.К. Педагогикалық оқу орындарында болашақ мұғалімдерді тұлғалық-кәсіби дамыту процесінде рухани және дене тәрбиесін интеграциялау: автореф. ... пед. ғыл. канд. – Шымкент, 2010. – 26 б.
- 3 Лисицин Ю.П., Сахно А.В. Здоровье человека – социальная ценность. – М.: Мысль, 1988. – 272 с.
- 4 Казначеев В.П., Склянова Н.А. Основы общей валеологии. – Новосибирск, 1998. – 78 с.
- 5 Баевский Р.М. Концепция здоровья и космическая медицина. – М.: Физкультура и спорт, 2007. – 147 с.
- 6 Диканова Е.Г. Подготовка будущего учителя к формированию культуры здоровья младших школьников в условиях педколледжа: дис. ... канд. пед. наук. – Волгоград, 2004. – 182 с.
- 7 Әбілдина С.Қ., Иманбетов А.Н., Абишев Ж.Б. Бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың денсаулық мәдениетін қалыптастыруға даярлау // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – 2019. – №5/2. – Б. 153-159.
- 8 Абишев Ж.Б. Сыныптан тыс жұмыстар арқылы оқушылардың денсаулық мәдениетін қалыптастыру. – Қарағанды: «Print shop», 2019. – 49 б.
- 9 Әбілдина С.Қ., Абишев Ж.Б. Бастауыш сынып оқушыларының денсаулық мәдениетін қалыптастыру негіздері: элективті курсы бойынша оқу-әдістемелік кешен. – Қарағанды: «Print shop», 2019. – 92 б.

References

- 1 Kazakstan Respublikasy densaulық saқтаu ministrліgінің qоғamdық densaulық saқтаu sayasaty departamentінің statіstikalық mәlіmetterі. www.dsm.gov.kz. 21.12.2018.
- 2 Demeuov A.K. Pedagogikalық oқu oryndarynda bolashaq mұғalіmderdі tұлғalық-kәsіbі damytu procesinde ruhani zhәne dene tәrbіesіn integraciyalau: avtoref. ... ped. ғыl. kand. – SHymkent, 2010. – 26 b.
- 3 Lisicin YU.P., Sahno A.V. Zdorov'e cheloveka - social'naya cennost'. – M.: Mysl', 1988. – 272 s.
- 4 Kaznacheev V.P., Sklyanova N.A. Osnovy obshchej valeologii. – Novosibirsk, 1998. – 78 s.
- 5 Baevskij R.M. Konceptiya zdorov'ya i kosmicheskaya medicina. – M.: Fizkul'tura i sport, 2007. – 147 s.

- 6 Dikanova E.G. Podgotovka budushchego uchitelya k formirovaniyu kul'tury zdorov'ya mladshih shkol'nikov v usloviyah pedkolledzha: dis. ... kand. ped. nauk. – Volgograd, 2004. – 182 s.
- 7 Әбдідина С.Қ., Иманбетов А.Н., Абішев З.Н.В. Bastauysh synyp mұғалimderin оқushylardың densaulық мәdenietin қalyptastyruға dayarlau // Қазақstannың ғылымy мен өmiri. – 2019. – №5/2. – В. 153-159.
- 8 Abishev ZH.B. Synyptan tys zhұmystar arkyly оқushylardың densaulық мәdenietin қalyptastyru. – Қарағанды: «Print shop», 2019. – 49 b.
- 9 Әбдідина С.Қ., Абішев З.Н.В. Bastauysh synyp оқushylaryнұң densaulық мәdenietin қalyptastyru negizderi: elektivti kursy boynsha оқу-әdistemelik keshen. – Қарағанды: «Print shop», 2019. – 92 b.

Хат-хабарларға арналған автор (бірінші автор)	Автор для корреспонденции (первый автор)	The Author for Correspondence (The First Author)
<p>Иманбетов Аманбек Нұрқасымұлы – педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті; Қарағанды қ. Қазақстан. e-mail: aman_imanbetov@mail.ru ORCID iD: https://orcid.org/0000-0003-0306-5734</p>	<p>Иманбетов Аманбек Нуркасимович – кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор Карагандинского университета имени Е.А. Букетова, г. Караганда, Казахстан. e-mail: aman_imanbetov@mail.ru ORCID iD: https://orcid.org/0000-0003-0306-5734</p>	<p>Imanbetov Amanbek Nurkasimovich – Master of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Karaganda University named after E.A. Buketov; Karaganda, Kazakhstan. e-mail: aman_imanbetov@mail.ru ORCID iD: https://orcid.org/0000-0003-0306-5734</p>